



Батыс Қазақстан облысы  
Теректі ауданы  
Подстепный ауылы  
Подстепный қазақ жалпы орта білім беретін мектебі  
ІІІ деңгей бойынша сертификатталған  
бастауыш сынып мұғалімі:  
Бейбитова Тулпан Маратқызы

Пәні: *әдебиеттік оқу*

Сыныбы: *3*

Тақырыбы: *Абай “Шегіртке мен құмырсқа”*

## Тақырыбы: “Шегіртке мен құмырсқа”

- **Сабақ негізделген оқу мақсаты:** Мысал өлеңді мәнерлеп оқу, рөлдерде мәнерлеп оқып үйрену.
- **Сабақ мақсаттары:**
  - Барлық оқушылар:** Мысал-өлеңді мәнерлеп кейіпкердің кейпіне еніп оқи алады.
  - Оқушылардың басым бөлігі:** Мысалға сүйеніп, шегіртке мен құмырсқаны салыстырып сипаттайды.
  - Кейбір оқушылар:** Өмірде іс-әрекеті мысал кейіпкерлеріне ұқсас адамдар туралы әңгімелеп, өз ойларын жеткізеді.
- **Тілдік мақсат: Оқушылар:** Өз ойын жеткізе алады, мәнерлеп оқиды, салыстыра алады.
- **Негізгі сөздер мен сөз тіркестер:** Шырылдауық, гөлайттап, сорлы, жығылды, ән салған, суыққа тоңған, қарны ашқан, қабағын қайғы жабады.
- **Талқылауға арналған тармақтар: (тыңдалым)** Шегіртке мен құмырсқа ... , Сен қалай ойлайсың?
- **Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба? (айтылым)** Шегіртке неліктен жылады?... Менің ойымша, ..., мен ... істей алар едім...
- **Жазылым бойынша ұсыныстар:** Шегіртке - стрекоза - grasshopper, құмырсқа - муравей - ant (орысша, ағылшынша)
- **Көрнекілігі:** Жыл мезгілдерінің суреттері, интерактивті тақта, АКТ, слайд, суреттер, оқулық
- **Алдыңғы оқу: Күзгі орманның көріністері**
  - Күзгі орманның көріністерін сипаттайды.
  - Мәтінді өз беттерімен жалғастырып әңгімелейді.

**Басталуы:**

**I Кіріспе Ұйымдастыру (оқушылармен амандасу)**

**Тренинг: «Мен қандаймын?» Бәріңе сәттілік тілеймін!**



**Сабаққа дайындығын тексеру. Сабақ мақсаты мен табыс критерийін бірге анықтау, жыл мезгілдері атауларына сай топқа бөлу.**

**Табыс критерийі:**

- 1.Мысал өлеңді мәнерлеп, рөлге бөліп оқи алу;
2. Мысалдағы кейіпкерлерді салыстырып, сипаттай алу;
- 3.Өмірде іс-әрекеті мысал кейіпкерлеріне ұқсас адамдар туралы өз пікірімді дәлелдеу.  
«Қыс, көктем, күз, жаз» Қима суреттер арқылы жыл мезгілдерін шығару.

## Өткенді қайталау.

Сұрақ-жауап «Мен – саған, сен – маған»

-Күз мезгіліндегі орманды суретте.

-Тиіннің күзгі тіршілігін әңгімеле.

-Қоянды сипатта.

-Борсық туралы әңгімелеп бер.

## Күзгі орманның көріністері





**Жаңа сабаққа кіріспе.**

**Жұмбақты шеш.**

*Бір кішкентай қара батыр,  
Қара тасты арқалап бара жатыр.*


*(Құмырсқа)*

*Ат басты, арқар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен  
санды, қос қанатты.*

*(Шегіртке)*

*-Шегіртке мен құмырсқа туралы не білесіңдер?*

**“Болжау стратегиясы”  
Бұл кім?**





## “Болжау стратегиясы”

### А.Құнанбаев және И.Крылов

-Портреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?

-Портретте қандай айырмашылық бар?

-Бүгінгі сабаққа осы авторлардың қандай қатысы бар деп ойлайсың?

Қазақ халқының ақыны, данышпаны, ойшылы – **Абай**

**Құнанбайұлы** 1845 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қасқабұлақ деген жерде дүниеге келген. Шын аты – Ибраһим. Абай ауылындағы Ғабитхан деген молдадан сауатын ашқан. Әкесі оның білімге деген құштарлығын байқаған соң, Семейдегі Ахмет – Ризаның медресесіне оқуға берген.

Абай 12 жасынан бастап өлең жаза бастады. Өз өлеңдеріне 20-дан астам ән шығарған сазгер. Абай ақынның 500-ге тарта өлеңдері, 45 қарасөзі бар.

**Иван Андреевич Крылов** – белгілі орыс жазушысы, мысалшы, журналист, академик. **И. А. Крылов** 13 ақпанда 1769 жылы Мәскеуде офицердің отбасында дүниеге келген.

**Аудармашы**

**ойшыл**

**философ**

**ақын**

**сазгер**



**Абай**

**1845ж. Шығыс Қазақстан обл.**



# Мультфильмнен үзінді...

- Мультфильм туралы өз пікірінді білдіріп көр.

**Оқулықпен жұмыс.**

**Суретпен жұмыс.**

- Суреттен нелерді көріп тұрсың?*
- Қандай жыл мезгілі бейнеленген?*
- Құмырсқаның киімі қандай?*
- Шегірткенің ше?*
- Шегіртке неліктен жылап тұр деп ойлайсың?*

## **Ортасы:**

*-Шырылдауық шегіртке неге жылап тұр екен, соны білу үшін Абайдың «Шегіртке мен құмырсақ» туралы мысалын оқып танысайық.*

## **Оқулықпен жұмыс.**

*1. Мысалды түсініп оқы. Жеке оқу.*

*2. Жұпта оқып, талқыла. "Көршіңе әңгімелеп бер" әдісімен мәтіннің мазмұнын меңгеру.*

*3. Топта талқылау.*

**Әр топқа өлең жолдарын бөліп беру, сол жолды оқып талдау.**



## **Сөздік жұмысы:**

*Шегіртке - стрекоза - grasshopper, құмырсақ - муравей - ant*

*Сергіту сәті.*



*Құмырсқа – муравей - ant*



*Шегіртке - стрекоза - grasshopper*

## Сергіту сәті

Ұзын мұртты құмырсқа,

Келе жатты жұмысқа.

Допты қойдым алдына.

Оң жағына қарады,

Сол жағына қарады,

Тау екен деп ойлады.






## Тапсырмалар:

*«Нағыз құзіреттілікті қалыптастыру»*

**идеясына сәйкес рөлдік ойын**

**Тапсырма 1 : Мысалды рөлге бөліп оқыңдар.**





«Шешімдері алдын ала анықталмаған тапсырмаларды зерделеу» идеяларына сәйкес:

**«Ойланып жауап бер!» Сен қалай ойлайсың?**

**Тапсырма 2.** Мысалдағы жасыл бояумен жазылған сөздерді дауыстап оқы. Бұл сөздер қай кейіпкерге қатысты?

-Неге олар жасыл бояумен жазылған деп ойлайсың?

-Жасылмен жазылған сөздерді екі топқа бөл.

А) жаз мезгіліндегі шегіртке




Ә) қыс мезгіліндегі шегіртке

“Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту” идеясы

**Тапсырма 3.** Мысалға сүйеніп, шегіртке мен құмырсқаны салыстыра сипатта.




«Оқушының бастапқы және соңғы деңгейлері арасында байланыс орнату» идеясына сәйкес

## Венн диаграммасы: Шегіртке мен құмырсқа





# Жұптық жұмыс.




*- Бұл күндерді қандай түске бояр едің?*

*Неліктен?*

*- Сен құмырсқаның орнында болсаң, не істер едің?*





**«Шешімдері алдын ала анықталмаған тапсырмаларды зерделеу» идеяларына сәйкес: «Ойланып жауап бер!» Сен қалай ойлайсың?**

- *Өмірде іс-әрекеті шегірткеге ұқсас адамдар бола ма? –*
- *Шегіртке сияқты қиналып қалмас үшін не істер едің?*

## Топтық жұмыс:

# «Әр жыл мезгіліндегі шегірткенің іс-әрекеті» тақырыбында постер шығару, қорғау.



Жеке жұмыс:

# 5 жолды өлең

Не?


Құмырсқа

Қандай?

Қайтеді?

Сөйлем:

Синоним:



# Білімқұмарлар үшін!

*Құмырсқаның адам денсаулығына пайдасы: Аяғы ауыратындар кей жағдайларда құмырсқа илеуіне аяғын салып құмырсқаға шақтырған.*

*Құмырсқадан алынатын дәрілер буын ауруларын, қант диабетін емдеуде, қан қысымын реттеуде қолданылады. Оңтүстік Азия елдері, Мексика тұрғындары құмырсқаны тамақ ретінде де пайдаланады. Құмырсқаның 10 мыңдай түрі бар.*

*Ауыл шаруашылығына өте қауіпті бунақденелілердің бірі - шегірткелер. Өзге жәндіктерден айырмашылығы - бір немесе екі жұп қанаттары бар. Сондықтан ұша алады.*

**Аяқталуы:**

## **«Қапшықтағы фасоль» әдісі**

*-Бүгін қандай шығармамен таныстық?*

*-Мысалдың авторларын ата.*

*-Мысал не туралы?*

*-Шегіртке қандай?*

*-Құмырсқа қандай?*

*-Мысалдан қандай ой түйдің?*

**• Бағалау.**



**Үйге:** мысалды мәнерлеп оқу, мысал мазмұнына сәйкес мақал-мәтел жинастыр.